

«№12 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

№ 12 орта мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы

«Біртұтас тәрбие бағыты » бойынша ұйымдастырылған тәрбие жұмысына талдау

Тәрбие ісінің орынбасарлары З.А. Иманғалиева

С.Ш. Сарсенбаева

«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде № 12 орта мектебінің 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының талдауы

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет студі, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді

біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенгеқұрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;

- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтынұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

ТӘРБИЕНІҢ КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫН ІСКЕ АСЫРУДА БАЛАЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРУДЕ БЕРІЛЕТІН ҰСЫНЫМДАР:

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас жәнe психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15

жас) Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б.шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

<i>Тәрбие құндылықтары</i>	<i>Негізгі индикаторлар</i>	<i>Күтілетін нәтижелер</i>
Ұлттық мүдде (мемлекетшілдік)	✓ Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; ✓ Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; ✓ Қоғам игілігі үшін қызмет ету; ✓ Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; ✓ Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; ✓ Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; ✓ Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; ✓ Ұлттық мәдениетті дәріптеу;	✓ Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл; ✓ Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді; ✓ Елінің тарихын құрметтейді; ✓ Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді; ✓ Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары бағалайды;
	✓ Академиялық адалдық қағидатын қолдау; ✓ Адал еңбекті құрметтеу; ✓ Сөзіне берік, ісіне адал болу; ✓ Отбасының, өз ортасының абыройын асыру; ✓ Халқына адал қызмет ету; ✓ Әдеп нормаларын ұстану;	✓ Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; ✓ Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; ✓ Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;

Ар-ұят	✓ Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; ✓ Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; ✓ Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;	✓ Достарын, сыныптастарын сыйлайды; ✓ Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;
Талап	✓ Сыни және креативті ойлау; ✓ Жеке және командамен жұмыс істей білу; ✓ Білуге, жаңаны тануға құштар болу; ✓ Физикалық белсенді болу; ✓ Салауатты өмір салтын ұстану; ✓ Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; ✓ Дұрыс қарым-қатынас орната білу; ✓ Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау;	✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды; ✓ Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; ✓ Қоршаған орта тазалығын сақтайды; ✓ Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; ✓ Ізденімпаз, жасампаз тұлға;

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ ІС-ШАРАЛАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара атауы	Аяқталу формасы	Жауапты орындаушы	Орындалу мерзімі
---	---------------	-----------------	-------------------	------------------

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі негізгі нормативтік-құқықты қамтамасыз ету

1. Тәрбие жұмысының қызметін реттейтін құқықтық НПА базасы құжаттар, Қазақстан Республикасының заңдары, аймақтық бағдарламалардың ережелері.

1) БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы;

- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы ;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы ;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы ;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы ;
- 8) Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ;

9) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы ;

10) «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 12.06.2020 жылғы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

12) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы No 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері; 13) «Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы, Білім министрінің бұйрығымен жаңа редакцияда) Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 534);

14) «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрлігінің 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен 2016 ж. Қазақстан Республикасының 2022.05.31 № 251);

15) «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің терроризмге осал объектілерді және терроризмге осал объектілерді, білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 желтоқсандағы № 112 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117);

16) «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы)

2. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы

ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат

3. - жалпы білім беретін мектептің 7-11 сынып оқушыларының кәсіби диагностикасын жүргізу құралдарын пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстар;

- ерекше қажеттіліктері бар балаларға мамандық таңдау кезінде отбасының, мектептің және жұмыспен қамту органдарының өзара іс-қимылы бойынша әдістемелік ұсыныстар
(<https://www.nao.kz>).
4. Сынып жетекшілерінің лауазымдық міндеттерін әзірлеу./ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № **18** бұйрығы (ҚРБЖҒ министрі)
5. Қоғамдық іс-шаралардың қауіпсіздігін құжаттамалық қамтамасыз ету (қажетті бұйрықтарды шығару, жоспарларды, кестелерді бекіту).
6. Мектептен тыс іс-шаралар (шығу) қауіпсіздігін құжаттамалық қамтамасыз ету (қажетті бұйрықтарды шығару, жоспарларды, кестелерді

бекіту).

7. Балалар мен жасөспірімдер деструктивті мінез-құлқының алдын алу жөніндегі республикалық және өңірлік жоспарлардың, жол карталарының тізбесі:

Республикалық:

- 1) Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің балаларды құмар ойындар мен компьютерлік ойындарға тәуелділіктен сақтандыру бойынша Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыс әкімдіктерінің жұмысын ұйымдастыру бойынша (лудомания) 2023-2024 оқу жылына арналған жол картасы;
- 2) Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдіктерінің және білім беру ұйымдарының оқушылар мен жастар арасында электронды темекіні/вайптарды пайдаланудың алдын алу жөніндегі қызметін ұйымдастырудың 2023-2025 жылдарға арналған жол картасы;
- 3) Жол картасы «Балалар. Ғаламтор. БАҚ қауіпсіздігі» 2023-2024 оқу жылына ақпараттық

қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру туралы;

4) «Қоғамның құқықтық мәдениетін дамытуға бағытталған шараларды қабылдау, атап айтқанда, мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, сондай-ақ ұйымдарда білім алушылардың құқықтық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру бойынша жүйелі және өзара байланысты жұмыстарды жүргізу туралы» бірлескен бұйрығы. техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру » 2030 жылға дейін;

5) Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары;

6) Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім мен тәрбие берудің 2023-2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары;

7) Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары;

Облыстық:

1) Қостанай облысында құқық бұзушылықтың алдын алудың 2023 жылға арналған кешенді жоспары;

2) Қостанай облысында баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес және жасөспірімдер арасындағы суицид мәселелерін шешудің 2020-2023 жылдарға арналған жол картасы;

3) 2022-2024 жылдарға арналған суицидтің, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, есірткі және психотроптық заттарды пайдаланудың, балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу жөніндегі ведомствоаралық жоспар;

4) Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың 2023 жылға арналған кешенді жоспары;

5) Қостанай облысының қосымша білім беру жүйесінде экологиялық-биологиялық бағытты дамытудың 2020 - 2023 жылдарға арналған жол картасы;

6) Есірткі, психотроптық заттарды және сол

текстестерді қолданудың зардаптары туралы ақпараттандыруға бағытталған колледждердің, жоғары оқу орындарының және жалпы білім беру ұйымдарының студенттері арасында профилактикалық іс-шаралардың бірлескен жоспары;

7) 2023-2024 жылдарға арналған мас күйінде жасалған қылмыстардың профилактикасы тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыру жөніндегі жол картасы;

8) Қостанай облысында этносаралық қатынастарды дамытудың 2023 жылға арналған ведомствоаралық жоспары.

**1. Республикалық және облыстық жобаларды
жүзеге асыру мақсатында
жасалынған жұмыстар**

- «Мектеп парламенті»;
- «Дебат қозғалысы»;
- «Оқитын мектеп»;
- «Балалар кітапханасы»;
- «Еңбегі адал жас өрен»;
- «Жеткіншектің жеті жарғысы»;
- «Ұлттық мектеп лигасы»;
- «Балалар және театр»;
- «Төрт тоқсан – Төрт өнер»;
- «Тоғыз айға 9 іс-шара»;
- «Үндестік»

2023-2024 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып іс шаралар өткізілді. Жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық адами құндылықтарға негізделген. **Тәрбие мақсаты:** жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. **Міндеттері:** ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу; ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу; жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру; денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу; табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу. Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды. Әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, жауапкершілік, еңбекқорлық, бірлік, ризашылық, бауырмашылдық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарыту қажет. Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысуға, оңтайлы имиджін қалыптастыруға, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет етуге, ұлттық мұраға ұқыптылықпен қарауға және оны дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын, құқықтық, экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады. Ұлттық мүдде құндылығын дарыту арқылы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін, елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мұраны, мәдениетті дәріптейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеуді көздейді. Ар-ұят құндылығы этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады және мейірімділікке, еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады. Ар-ұят құндылығы академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның,

Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділік таныту арқылы қалыптасады. Ар-ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді. Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сол себепті талап құндылығы білім алушылардың сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Талап құндылығы құндылығы арқылы жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Жоспар бойынша жыл бойына төмендегі өткізілген шаралардың сілтемесі мен қысқаша анықтамасы:

2023-2024 жаңа оқу жылын «Мектебім – мейірім мекені» атты бірыңғай сынып сағаттарымен басталды
Мектебімізде «Мектебім – мейірім мекені» атты жаңа оқу жылындағы әр сыныпта бірыңғай сынып сағаттары өтті.

Сынып сағатының мақсаты:

- балалардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтар туралы түсініктерін кеңейту;
- оқушылардың психологиялық ой-өрісін, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету;
- оқушыларды мейірімділікке, қайырымдылыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру;
- өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту;
- мейірбандылыққа тәрбиелеу. (04.09.2023)



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CwxWhSMs-DQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==

2023 жылдың 8-қыркүйегінде білім алушылардың дене белсенділігін арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында республикалық білім беру ұйымдарында «Дене сергіту» челленджін ұйымдастыруын негізге ала отырып, №12 орта мектеп ұжымы мен оқушылары да челленджге белсене атсалысты.

Челлендж мақсаты: балаларға салауатты өмір салтын насихаттау.

Челлендждің міндеттері: физикалық, психологиялық стрессті төмендетуге ықпал ету; оқу іс-әрекеті процесінде шаршаудың алдын алуға, физикалық **белсенділікті арттыруға** ықпал ету; балалардың денсаулығын сақтау **мақсатында** жұмыс; қабілеттілігін **арттыруға** ықпал ету. (08.09.2023)



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/Cw7gugfoyES/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==

№12 орта мектебінде 1-4 сынып аралығында барлық оқушылар тегін ыстық тамақпен қамтылды

Мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру «Білім туралы» ҚР Заңына, мектеп туралы Үлгілік ережеге және ҚР басқа да заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Оқушылардың ұтымды тамақтануы – білім беру мекемелерінде денсаулық сақтау ортасын құру, білім беру жүйесінің теріс салдарын азайту шарттарының бірі. Дұрыс тамақтанбау физикалық дамуға теріс әсер етеді, метаболикалық бұзылулардың көрінісіне, созылмалы патологиялардың, аурулардың өршуіне ықпал етеді.

Біздің мектептің асханасы барлық қажетті технологиялық және тоңазытқыш жабдықтарымен жабдықталған. Ыдыс-аяқ, ас құралдары, тамақ ішуге арналған стақандар жеткілікті. Мектеп асханасының тазалығына көп көңіл бөлінеді. Жазда ас блогына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жуу және дезинфекциялау барлық санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып жүргізіледі. Тамақтану залында қол жуу үшін жеткілікті мөлшерде қолжуғыш орнатылған.

Асхана штаты толық қамтылған. Мұнда өз ісінің мамандары, мейірімді, жанашыр адамдар, балаларды әрдайым күлімсіреп қарсы алады. «Ас адамның арқауы» дегендей балалар мен жасөспірімдердің денсаулығының мықты болуы кез-келген қоғам үшін маңызды. Бүгінгі жас ұрпақ - еліміздің ертенгі болашағы. №12 орта мектепте 1-4 сынып аралығында барлық оқушылар тегін ыстық тамақпен қамтылды. Тегін ыстық тамақ күнделікті мектеп медбикесінің тексеруінен өтеді.

Асханадағы ыстық тамақтар күнбе-күн ас мәзірі бойынша беріледі және өте дәмді дайындалады. Берілетін шырын, жемістер де өте пайдалы, оқушылардың иммунитетін көтереді. (09.09.2023)



Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/Cw9fvDhsCUy/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

2023 жылдың 12.09 күні №12 орта мектебінде ата-аналар жиналысы өтті

Ата-аналар жиналысы мектеп өміріндегі қажетті атрибуттардың бірі.

Сыныптың ата-аналар жиналысының **басты мақсаты** – бүкіл сынып ата-аналар ұжымымен бір уақыт ішіндегі байланыстың зор нәтижелі формасы және сынып жетекшісінің ата-аналар жүрегіне жол таба алу әдісі болып есептеледі. Сол себептен ата-аналарға бала тәрбиесіне аса зор назар аудару керек екендігін ұғындыру мақсатында жиналыстарды дұрыс, қызықты, мазмұнды және нәтижелі өткізуді жоспарлау қажет.

2023 жылдың 12.09 күні №12 орта мектебінде ата-аналар жиналысы өтті.

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. 2023-2024 оқу жылында оқу-тәрбие процесіндегі ерекшеліктер.
2. Мектеп ережесі мен мектеп формасы туралы тәртіп.
3. Оқу-тәрбие үрдісіндегі үштік одақ Мектеп-Отбасы-Оқушы рөлі талданды.
4. Смартфондар туралы ережелер ескерілді.

Жиналыстың күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша ата-аналарға мектеп ережесінің талаптары жөнінде мәлімет берілді.

Ата-аналарда белсенділік танытып, өз ойларын білдірді. (13.09.2023)



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CxHwWQVsxoA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

13.09.2023 жылы №12 орта мектебінде 1-11 сыныптарда «Тәрбие-тал бесіктен басталады» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті

Мектеп өмірінде тақырыптық ата-аналар жиналыстарын өткізіп отырудың зор тәрбиелік мәні бар. Мұндай **жиналыстардың мақсаты** – ата-аналарды психологиялық-педагогикалық білім мен тәжірибе жаңалықтарымен таныстыру, ой қорыту.

13.09.2023 жылы №12 орта мектебінде 1-11 сыныптарда «Тәрбие-тал бесіктен басталады» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

2023 жылдың 15.09 күні №12 орта мектебінде ата-аналар жиналысы өтті.

Жиналыста қаралған мәселелер:

- Оқу-тәрбие үрдісіндегі үштік одақ мектеп-отбасы-оқушы рөлі талданды.
- Оқушылардың оқу үлгерімі, тәртібі т.б. мәселелер қаралды.

Ата-аналарда белсенділік танытып, өз ойларын білдірді. (15.09.2023)



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CxM1lFbsT_W/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

№12 орта мектептің ата-аналарына 03.11.2023 жылы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жөнінде таныстыру, әрі қарай бірге жұмыстану мақсатында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

03.11.2023 жылы №12 орта мектептің 1-11 класс ата-аналарына «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жөнінде таныстыру, әрі қарай бірге жұмыстану мақсатында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: Мектеп ұжымы мен ата-аналар арасындағы байланысты жандандыру, бала тәрбиесіне ортақ ат салысу арқылы жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу. (06.11.2023)

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

6. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

7. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

8. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

9. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

10. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CzSuY39oJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**№12 орта мектебінде 2023-2024 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»
жұмысы ұйымдастырылды**

Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрлігінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы қыркүйектегі №28 хаттамасы 2.4 тармағы, 2023-2024 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы ӘН хатын, облыстық және қалалық білім басқармасының бұйрығын басшылыққа ала отырып №12 орта мектебінде 2023-2024 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысы ұйымдастырылды.

Қараша айының 7-інші жұлдызында «Мектеп және Отбасы болашағы білімді жастармен бірге» тақырыбында алғашқы отырысын өткізді.

Алғашқы отырыста мектеп ата-аналарын қолдау жайлы және де орталық аясында «Даналық мектебі» клубының да ұйымдастырылып, жылдық жоспары жайлы мәліметтер берілді. (09.11.2023)



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CzbAeAAs65t/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

«№12 орта мектеп» КММ-де «Парасатты аналар» мектебінің «Қыз намысы – ұлт намысы» тақырыбында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының отырысы өтті

2024 жылдың 23 қаңтарында «№12 орта мектеп» КММ-де «Парасатты аналар» мектебінің «Қыз намысы – ұлт намысы» тақырыбында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының отырысы өтті.

«Парасатты аналар» мектебінің мақсаты: Мектепте ата-ана, мектеп, білім алушы арасындағы ынтымақтастықты нығайту, отбасылық тәрбие беру.

Күн тәртібінде:

1. Алғы сөз: Мектеп директоры: А.С.Нукусова
2. «Ұлтыңды сақтаймын десең, қызыңды тәрбиеле, Руыңды сақтаймын десең, ұлыңды тәрбиеле» ДТО: Имангалиева З.А., Сарсенбаева С.Ш.
3. «Навыки общения в семье» тренинг Мектеп психологтары: Косниязова Г.М., Курамысова Н.Ж.
4. «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ ұрпақ» коучинг Тарих пәнінің мұғалімдері: Есекеева А.Б., Казманов Н.К.
5. «Тал шыбық» қыздар клубының жұмысы. Технология пәнінің мұғалімдері: Қоспан А.З., Сералиева А.Қ.



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C2cxJhJM6bj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«№12 орта мектеп» КММ-де "Парасатты әкелер" мектебінің "Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен"

тақырыбында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының отырысы өтті

2024 жылдың 24 қаңтарында «№12 орта мектеп» КММ-де "Парасатты әкелер" мектебінің "Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен" тақырыбында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының отырысы өтті.

"Парасатты әкелер" мектебінің мақсаты: Отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру.

Күн тәртібінде:

1. Алғы сөз: Мектеп директоры: А.С.Нукусова
2. "Ұлтыңды сақтаймын десең, қызыңды тәрбиеле, Руыңды сақтаймын десең, ұлыңды тәрбиеле" ДТО: Иманғалиева З.А., Сарсенбаева С.Ш.
3. "Навыки общения в семье" тренинг Мектеп психологтары: Косниязова Г.М., Курамысова Н.Ж.
4. "Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ ұрпақ" коучинг Тарих пәнінің мұғалімдері Есекеева А.Б., Казманов Н.К.
5. Дене шынықтыру пәні мен спорт секцияларының жұмыс қорытындысы. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері және жетекшісі М.М.Нурманов.



Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2e1DuSMr2R/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==

№12 орта мектебінде мектеп пен ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру мақсатында ата-аналар кезекшілігі ұйымдастырылды

Мектебімізде биылғы оқу жылының қаңтар айында ата-аналар кезекшілігі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Мектеп ұжымы мен ата-аналар арасындағы байланысты жандандыру, бала тәрбиесіне ортақ ат салысу арқылы жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу.



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C2PF8fHsI8O/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

№12 орта мектебінің 9-11 сынып оқушылары арасында «Игі істер күні» әлеуметтік және қайырымдылық іс-шара ұйымдастырылды

Бүгін қаңтар айының 18 күні №12 орта мектебінің 9-11 сынып оқушылары арасында «Игі істер күні» әлеуметтік және қайырымдылық іс-шара ұйымдастырылды.

Игі істер күні. Жақсылық жасау – имандылықтың, тәрбиеліліктің, парасаттылықтың айқын көрінісі. Ертеңге талпыныс, болашаққа бағдар, игі іске ұмтылыс – адамзатқа тән құбылыс. Ендеше, көп болып, асыл арманына қол созғандарға сүйеніш болып, қолымыздан келген көмегімізді аямайық. Өркез жүрегіміз кең, пейіліміз ақ болып жақсылық жасауға ұмтылып тұрайық!



Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2PPI-yMdan/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жылдың үздік оқырманы» номинациясы бойынша 2-сынып оқушысы Дашуткина Дарья, С.Я.Маршак атындағы кітапхананың дипломымен марапатталды

Жобаның мақсаты: Оқу мәртебесін, оқу сауаттылығын және оқу сапасын арттыру, сондай-ақ жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, отбасылық кітап оқу дәстүрін арттыру.

Жобаның міндеттері:

- Мектеп оқушыларының кітап оқу белсенділігін дамыту;
- Мектеп оқушыларының оқырман белсенділігі және оқырман біліктілігін дамытуға бағытталған өзара байланысты жоба жүйесін қалыптастыру;
- Жас ұрпақтың өскелең талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы – кітап екенін түсіндіру;
- Оқушылардың оқырмандық мәдени тәрбиесін, көркем әдебиетке, кітапқа деген қызығушылығын дамыту;
- Интерактивті әдістемелерді қолдану арқылы электронды кітаптарды оқуға баулу және аудиокітаптардың тізімін беру, қолдана білу;
- “BookCrossing” кітап алмасу қозғалысын дамыту.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жылдың үздік оқырманы» номинациясы бойынша 2-сынып оқушысы Дашуткина Дарья, С.Я.Маршак атындағы кітапхананың дипломымен марапатталды. Сынып жетекшісі Удод С.В. мақтау қағазымен марапатталды.



Сілтеме:

https://www.instagram.com/tv/CxPenSQMDkN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында №12 орта мектептің кітапханасына жаңа кітаптардың түскенін хабарлайды

Жобадан күтілетін нәтижелер:

- Мектеп оқушыларының кітап оқуға белсенділігі артады.
- Мектеп оқушыларының оқырман белсенділігі және оқырман біліктілігін дамытуға бағытталған жоба жүйесі қалыптасады.
- Отбасылық кітап оқу дәстүрі жаңғыртылады.
- Жас ұрпақтың өскелең талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы – кітап екенін түсінеді.
- Оқушылардың оқырмандық мәдени тәрбиесі, көркем әдебиетке, кітапқа деген қызығушылығы дамиды.
- “BookCrossing” кітап алмасу қозғалысы дамиды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында №12 орта мектептің кітапханасына жаңа кітаптардың түскенін хабарлайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алды. Осыған орай, мектеп кітапханалары да қайта жаңғырту мен оқушыларды кітап оқуға баулу мақсатындағы республикалық **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы арқылы өз жұмысын бастады. **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы оқушылардың, кітапханашылардың, ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын қалыптастыру мен жетілдіруге, оқу мәдениетінің деңгейін арттыруға және оқуды насихаттауға бағытталған.



Сілтеме: https://www.instagram.com/tv/CxPgWw8MJPJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

2023 жылдың 25-інші қыркүйегінде мектебімізде «Мектеп президенті», «Мектеп Ұланбасы» сайлауы өтті

Оқушылардың өзін-өзі басқаруы – бұл оқушылардың өзін-өзі басқаруға қатысу формасы, ол оқушылардың мұғалімдер құрамымен және зияткерлік мектеп басшылығымен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудағы мәселелерді шешуге қатысуын қарастырады.

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы қызметінің **негізгі мақсаты**: оқушылардың зияткерлік мектептерді басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар, шешім қабылдауға қабілетті, жауапты және тәртіпті, өз бетінше таңдау жасауға дайын және мектепте белсенді өмірлік ұстанымға ие тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Сайлау мақсаты: оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін анықтау, олармен бірге топтық жұмыс пен өзін-өзі басқару қабілеттерін арттыру, мектеп оқушылары қызметін ұйымдастыру, себебі мектеп президенті – әлеуметтік белсенділіктерді дамытуға, бастамаларын қолдауға жауапты қоғамдық нысан. Әрбір білім алушы президент сайлауға және өзін ұсынуға құқылы. Мектеп Президенті сайлауы – оқушылар үшін жауапты ұжымдық жұмыстардың бірі.

Бұл күнде өз бағдарламасын ұсынған үміткерлерде ұжымдық жұмысқа деген қызығушылықтары артады. Оқушылар үшін сайлау күні ерекше, себебі жоғары балл жинаған үміткер бір жыл бойы ұйым мүшелерімен бірігіп, мектептегі кеш пен шараларды өткізеді. 2023 жылдың 25-інші қыркүйегінде мектебімізде «Мектеп президенті», «Мектеп Ұланбасы» сайлауы өтті. Сайлауға 4 кандидат өз бағдарламасын ұсынып, өзара тартысты сайлау өткізді. Сайлауға мектеп оқушыларынан 8-11 сыныптар қатысты. (25.09.2023)



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CxpdtcnMeVT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлауының қорытындысы

Өзін-өзі басқару ұйымының Мектеп Президентін сайлау туралы ереже оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлауды дайындау мен өткізуді реттейді.

Өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау оқушының сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына негізделеді.

Өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Оқушылардың сайлауға қатысуы ерікті болып табылады.

Сайлаушылар өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлауға тең негізде қатысады және әрқайсысы тиісінше бір дауыс қана бере алады. Оларға тең құқықтар мен сайлауға қатысу шарттарына кепілдік беріледі.

Өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлауда дауыс беру құпия болып табылады, сайлаушылардың ерік білдіруіне қандай да бір бақылау жасау мүмкіндігін жоққа шығарады.

2023 жылдың 26-ыншы қыркүйегінде «Мектеп президенті», «Мектеп Ұланбасы» сайлауының қорытындысы жарияланды. Нәтижесінде мектеп Президенті болып «31 дауыс» пен «1123 лайк» санымен

Сайлау комиссия үміткерлерді сайлау жәшігін ашып көріп дауыстарды санады.

Бірінші үміткер Айткалиева Замира 31 дауыс жинады.

Екінші үміткер Губушина Ульяна 29 дауыс жинады.

Үшінші үміткеріміз Бақытжанова Толғанай 11 дауыс жинады.

Төртінші үміткеріміз Уразмухамбетова Бахытгуль 16 дауыс жинады.

Қортындылай келе мектебіміздің Президенті Айткалиева Замира болып сайланды, Ал Губушина Ульяна, Бақытжанова Толғанай мен Уразмухамбетова Бахытгуль Вице-президент орынбасарлары болып сайланды. (26.09.2023)

Сілтеме:

https://www.instagram.com/p/CxpeJq2stTw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Өскелең ұрпақтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық дағдыларын дамыту мақсатында 1-8 сынып оқушылары арасында «Балалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды


Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағдарламасын іске асыру шеңберінде мектепте жоғары адамгершілік, жауапты, бастамашылық және әлеуметтік-құзыретті азамат пен патриот қалыптастыру және дамыту үшін жағдай жасау мақсатында **1-8 сынып оқушылары арасында «Балалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды.**

«Балалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» сурет байқауының мақсаты:

Өскелең ұрпақтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық дағдыларын дамыту.

«Балалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» сурет байқауының міндеттері:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне жұртшылықтың назарын аудару;
- балалардың шығармашылық әлеуетін ашу;
- азаматтардың әлеуметтік белсенділігін арттыру;
- сыбайлас жемқорлыққа теріс көзқарасты тәрбиелеу. (26.09.2023)



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CxperlsMCsy/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

2023 жылдың 27 қыркүйек күні Ансар орталығының теолог маманы Ольга Вороневич мектебіміздің 9-11 сынып оқушыларына «Интернет сети и деструктивные религиозные культы» тақырыбында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді

Радикалды діни ұйымдардың коммуникациялық стратегиясы кең аудиторияға бағытталған трансұлттық сипатқа ие және интернетті қолдануға негізделген.

Ғаламтор арқылы таратылатын радикалдық бағыттағы діни идеологиялардың көздейтін **мақсаты** – халыққа белгілі бір сенімдерді ұялату және өз ұйымдарына мүмкіндігінше көп пікірлес адамдарды тарту. Көп жағдайда деструктивті бағыттағы діни ұйымдар интернет-ресурстарында орналастырылған өз идеологияларын шетелден жүргізіп басқарады. Сонымен қоса, олардың ақпараттық көздері көбінесе халықаралық домендік атауларға ие болады. Атап айтқанда: «.com», «.org» және «.info». Аталған ұйымдар идеологияны тарату мақсатында танымал «В Контакте», «Одноклассники», «Twitter», «YouTube», «Facebook» және «Instagram» желілерін көп қолданады. Сонымен қатар, осы аталған желілер арқылы өз идеологияларын қамтыған фотоларды, видеоларды, аудиоларды және электронды кітаптарды репосттаумен (бөлісу) таратып отырады. Діни мәліметтерді, қажетті туындаған сауалға арналған пәтуаларды іздеген әрбір азамат шетелдік ғаламтор сайттарын пайдаланбай, өз еліміздегі сенімді әрі ресми сайттарға жүгінуін сұранамыз. Ағымдағы жылдың 27 қыркүйек күні Ансар орталығының теолог маманы Ольга Вороневич мектебіміздің 9-11 сынып оқушыларына «**Интернет сети и деструктивные религиозные культы**» тақырыбында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Оқушылардың тарапынан қойылған сұрақтарға жауаптар беріліп, тақырып аясында талқылау жұмыс жүргізілді.



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CxxDrKBMMJd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

№12 орта мектепте 1 қазан қарттар күніне орай «Үлкендер жолы ұлылық, Ұрпағы жүрер ұғынып» атты мерекелік кеш өтті

Мектебімізде 1 қазан қарттар күніне орай «Үлкендер жолы ұлылық, Ұрпағы жүрер ұғынып» атты мерекелік кеш өтті.

Қарттар күнін атап өтудегі **басты мақсат** – қарттарымызға құрмет, көрсетіп, құттықтаумен бірге, ардагерлерімізге жан-жақты қолдау мен ыстық ықыласқа толы алғысымызды білдіру.

Ардагер Ұстаздарымыз жас мамандарға дара жолы туралы айта отырып, өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, жылы лебіздерін білдіріп, ақ батасын берді. (02.10.2023)



Сілтеме:

https://www.instagram.com/p/Cx4mFjOM76f/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

№12 орта мектебінің оқушылары да «Мұғалімдер күнімен» өз ұстаздарын ерекше фото, видео, әр түрлі өлең жолдарымен, әдемі тілектерін білдіріп құттықтады.

Мұғалімдер күні – білім саласындағы қызметкерлердің барлығына ортақ кәсіби мереке.

Бұл күні ұстаздар қауымының қоғам дамуындағы рөлі мен еңбегі, оған қосатын зор үлесі аталып өтеді.

Ұстаздар мейрамы әлемнің 100-ден астам елі тойлайтын Дүниежүзілік мұғалімдер күнімен сәйкестендірілді.

Мемлекет басшысы жыл сайын ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтайды. Президент мұғалімдерге мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалатынын әрдайым атап өтеді.

Бұл күні шәкірттер ұстаздарына жылы тілегін айтып, гүл сыйлап, мектептерде мерекелік концерт ұйымдастырылады.

№12 орта мектебінің оқушылары да «Мұғалімдер күнімен» өз ұстаздарын ерекше фото, видео, әр түрлі өлең жолдарымен, әдемі тілектерін білдіріп құттықтады.

Сілтемелер:

https://www.instagram.com/reel/Cx_NPzOMr-s/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/CyAe171MqJd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/CyAfRcBsCfs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/CyAfNVnMlMU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/CyAfOzzMS85/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

№12 орта мектебінде қыркүйектің 5-інші күні Мұғалімдер күніне орай «Дублёр күні» іс-шарасы ұйымдастырылды

№12 орта мектебінде қыркүйектің 5-інші күні Мұғалімдер күніне орай «Дублёр күні» іс-шарасы ұйымдастырылды. Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымы жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру, ұстаздың адам өмірінде алатын орны зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру және ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған іс-шараны 9-11 сынып оқушылары өткізіп, аталған жұмыстарды жоғары деңгейде атқарып шықты.

«Дублёр күні» оқушылар сабаққа ынта-ықыласпен дайындалып, түрлі әдістермен тәжірибелер көрсетіп, төменгі сынып оқушыларын қызықтыра білді.

Мектеп қызметкерлері тек бақылап бағыт-бағдар беріп отырды. Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің қызметін атқарған балалар ұстаздардың жұмысының қаншалықты ауыр әрі маңызды екенін түсініп, аталған жұмыстың жауапкершілігін сезінді.



Сілтеме:

https://www.instagram.com/p/CyAf1rBMLFh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ш.Құдайбердіұлының мерейтойына арналған әдеби-музыкалық композиция» өтті

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Шәкәрім өлеңдері арқылы оқырмандардың рухани байлығын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, жаман мінезден аулақ болу, адами сезімді қастерлеу, сүйіспеншілік, ішкі рухани тазалыққа үйрету мақсатында 13 қазан күні мектеп кітапханасы 7 «А» сынып жетекшісімен Асанбаева Н. бірге Ш.Құдайбердіұлының мерейтойына арналған әдеби-музыкалық композиция өткізілді.

Шара барасында домбыра мен өлеңдер оқылды. «Қос алқа» күйін 7 «А» сынып оқушысы Нургужин Диас орындады.

Шығармаларында заманды түзеу, жастардың үлесіндегі міндет екенін айта келіп, өзінің ғибратты сөздерін де ақын ең алдымен сол жастарға арнайды. Жасөспірім көкөрім замандастарын ескіден арылып, жаңамен жылдам жалғасуға үндейді. Келер ұрпақ алдына борыш өтеу мәселесін қояды. Яғни адамдық борыш – өз еліңе еңбек ету керектігін атады. Борышты орындау жолында ар сақтау, ардың айнымау туралы тоқталады. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы жаһандану жағдайында жастардың бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың бағыты мен бағдары бола бермек. (16.10.2023)



Сілтеме: https://www.instagram.com/tv/Cyc3FoTMcMt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2023 жылдың қазан айының 19-ыншы күні №12 орта мектептің 9-11 класс оқушыларын 2 мамандырылған өрт сөндіру құралдарын қалай дұрыс қолданылуы, өртке қарсы қызметті шұғыл түрде шақыру әдістері, қауіпсіз жерлерге көшіру жайлы кәсіби бағдар беру бағытында ашық есік күніне қатысты

Еңбек кодексіне сәйкес өрт қауіпсіздігі бұрышы әр мекемеде болуы керек. Оның негізгі компоненттері: ғимараттың әр қабаты үшін бөлек эвакуация жоспары және өрт анықталған кезде және өрт кезінде өзін қалай ұстау керектігі туралы нұсқаулық. Нұсқаулық 1-қадам Өрт қауіпсіздігі бұрышының дизайнын бастамас бұрын, оны орналастыру үшін қолайлы орынды таңдаңыз. Оқушылардың сабақтағы және демалыстағы қауіпсіздігі үшін мектептің жауапкершілігі «Білім туралы» Заңда нақты көрсетілген. Сабақта мұғалім балаларға жауап береді, сабақты басқарады, демалыста - кезекші мұғалім. Алайда, білім беру мекемесінде болып жатқан барлық нәрсеге жалпы жауапкершілік басты болып табылады. Облыстық білім басқармасы мен қалалық білім бөлімінің ұйымдастырылуымен №12 орта мектептің 9, 10, 11 сынып оқушыларын 2 мамандырылған өрт сөндіру құралдарын қалай дұрыс қолданылуы, өртке қарсы қызметті шұғыл түрде шақыру әдістері, қауіпсіз жерлерге көшіру жайлы кәсіби бағдар беру бағытында ашық есік күніне қатысты.

Шараның мақсаты – адамдар көп шоғырланған нысандағы өртті сөндіру бойынша іс-қимылдарды пысықтау, өртке қарсы қызмет бөлімшелері мен мектеп қызметкерлерінің төтенше жағдай кезіндегі өзара әрекеттестік іс-қимылдарын ұйымдастыру және жетілдіру болып табылады. (19.10.2023)



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CyILKZ-MPae/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Республика күні мерекесіне орай, Ақтөбе қаласының жалпыға бірдей білім беретін мектептері арасында «Мерген сарбаз – 2023» пневматикалық мылтықтан нысана көздеп атудан сайыс ұйымдастырылды

16-20 қазан аралығында Республика күні мерекесіне орай, Ақтөбе қаласының жалпыға бірдей білім беретін мектептері арасында «Мерген сарбаз – 2023» пневматикалық мылтықтан нысана көздеп атудан сайыс ұйымдастырылды.

Мақсаты: Жасөспірімдердің бойында өз Отанына деген адалдық сезімдерін, жоғары патриоттық сананы қалыптастыру; Отан мүдделерін қорғауда, конституциялық міндеттерін және азаматтық борышын орындауда жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеу; атыс қаруына деген қызығушылығын тудыру және оны ұрыста дұрыс қолдануға үйрету.

«Мерген сарбаз – 2023» сайысына №12 орта мектебінің атынан 11 класс оқушылары қатысты:

- 1) Кальменов Аслан
- 2) Кунсаков Самат
- 3) Комкова Софья
- 4) Шулкатова Томирис қатысты.

Жетекшісі: АӘД пәні мұғалімі Қарақойшин Ж.Қ.

Нәтижесінде №7 мөлтек топтар арасында 12 мектеп командасы 3 орынға ие болды. (19.10.2023)



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CylSiwRsP4k/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

20 қазан Республика күні мерекесі қарсаңында «Қыран елім – Қазақстан!» атты патриоттық акциясы аясында №12 орта мектебінде Мемлекеттік Әнұранды орындау шарасы ұйымдастырылды

20 қазан Республика күні мерекесі қарсаңында «Қыран елім – Қазақстан!» атты патриоттық акциясы аясында №12 орта мектебінде Мемлекеттік Әнұранды орындау шарасы ұйымдастырылды.

Аталмыш акцияның мақсаты:

- Оқушыларды азаматтық пен патриоттыққа, өз отаны—Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

- Мемлекеттік әнұранның жаппай орындалуын насихаттау;

- Оқушылардың басын біріктіретін жалпыұлттық ынтымақ пен бірлік актісіне айналдыру болмақ.

Әнұранымыз әлемге шарықтап, Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын! (20.10.2023)



Сілтеме:

https://www.instagram.com/p/CynLe9WMhxg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==

№12 орта мектебінің психолог мамандарының ұйымдастырылуымен «Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу» мақсатында тренинг өткізілді.

16 қазанда 6 сынып оқушылары арасында №12 орта мектебінің психологтары «Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу» мақсатында тренинг өткізді.

Тренингтің **негізгі мақсаты:** балаларды қорқыту, психологиялық зорлық-зомбылық сияқты ұғымдарға теріс көзқарасын қалыптастыру; қорлау жағдайларынан шығу жолдарын таба білу қабілеттерін қалыптастыру.

Бұл **тренингтің нәтижесі** жасөспірімдерге психологиялық зорлық-зомбылық проблемасының маңыздылығын түсіндіру; адамгершілік қасиеттерді анықтауға көмектесу.



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CynSDKNMYv-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Республика күніне орай №12 орта мектеп оқушыларына қайырымдылықты насихаттау және дарыту мақсатында «Жомарт жүрек» жәрмеңкесі ұйымдастырылды

25 қазан Республика күніне орай №12 орта мектеп оқушыларына қайырымдылықты насихаттау және дарыту мақсатында «Жомарт жүрек» жәрмеңкесі ұйымдастырылды акцияға мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары белсенді ат салысты. (20.10.2023)

Жәрмеңкенің мақсаты:

- Балаларды адамгершілікке, сүйіспеншілікті тәрбиелеу;
- Оқушылардың игі істер, жақсылық жасау туралы түсініктерін қалыптастыру.

Жәрмеңкенің міндеттері:

- Мейірімділік танытуға деген ұмтылыстың қалыптасуына ықпал ету.
- Қоғамға риясыз қызмет етуге деген ұмтылысты тәрбиелеуге ықпал ету. (20.10.2023)



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CyoFWFOMFwU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

№12 орта мектебінде Республика күніне орай, спорттық жарыстар ұйымдастырылды

Сенбі күні №12 орта мектебінде 6 сыныптардың қатысуымен **25 қазан – Республика күніне орай, спорттық жарыс** ұйымдастырылды.

Мақсаты: патриотизмге тәрбиелеу, СӨС дағдыларын қалыптастыру, ептілік пен төзімділікті дамыту. Жеңімпаз командалар мадақтамалармен марапатталды.

Дене шынықтыру пәні мұғалімдері:

Сарсебаева Н.Т.

Мырзалин Ж.Б.

Еникеева В.Б.

Турикпенбаев К.

Нурманов М.М. (23.10.2023)



Сілтеме:

https://www.instagram.com/reel/Cyv6JYMMSh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

№12 орта мектепте «Тәуелсіз – елімнің еркін жолы» кітап көрмесі-панорамасын өтті.

№12 орта мектебі Республика күніне орай «Тәуелсіз – елімнің еркін жолы» кітап көрмесі-панорамасын өткізілді.

Әлемнің көптеген елдерінде ең атаулы мерекелердің бірі – Республикасы күні. Кітапхана барлық кітапхана оқырмандары үшін Қазақстан Республикасы күніне арналған «Тәуелсіз – елімнің еркін жолы» кітап көрмесі – панорамасын дайындады. Мемлекеттің құрылу тарихына арналған кітаптар мен "Менің Қазақстаным", "Даңқты адамдар" және т.б сериядан кітаптар ұсынылды.



Сілтеме: https://www.instagram.com/tv/CyxYa-hMNi7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

“Жомарт жүрек” қайырымдылық акциясы аясында мектебіміздің оқушылары “Үміт” балалар үйіне барды

Ақтөбе облыстық Жастар мен балалар ұйымдарының қауымдастығымен бірлесе отырып, Ж.М. Табылғановтың қолдауымен “Жомарт жүрек” қайырымдылық акциясы аясында мектебіміздің оқушылары “Үміт” балалар үйіне барды. Мектеп жәрмеңкесінде жиналған қаражатқа тәрбиеленушілерге жемістер мен тұрмыстық заттар алынды.

Мақсаты: Қайырымдылық – адамның ізгі қасиеттерінің бірі. Өскелең ұрпақтың патриоттық сезімін қалыптастыру, қоршаған ортаға, адамдарға сүйіспеншілікпен қарауды қалыптастыру. (24.10.2023)



Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/CyyjKKmMN-o/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

№12 орта мектепте Республика күніне «Бірлігіміз жарасқан Қазақстан!» тәрбие сағаттары өтті

Мектебімізде Республика күніне орай 0-11 класс арасында «Бірлігіміз жарасқан Қазақстан!» атты бірыңғай тәрбие сағаттары өтті.

Мақсаты:

- 1.ҚР мемлекеттік мерекелері туралы мәлімет беру;
- 2.Республика күнінің маңыздылығын түсіндіру;
- 3.Отаншылдық құрмет құндылығын дарыту;
4. Оқушылардың бойында Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. (26.10.2023ж.)



Республика күніне орай өткізілген тәрбие сағаты
6 "А"-класс



Сілтемелер:

https://www.instagram.com/p/Cy2VmWHIJ88/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/p/Cy2Z77VsiL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Республика күніне орай №12 орта мектеп оқушыларының құттықтаулары!

Оқушыларға аға ұрпақтың ерлік істерін үлгі ете отырып, Отанын, елін сүйуге деген патриоттық сезімдерге баулу мақсатында Республика күні мерекесіне арналған №12 орта мектеп оқушыларының жүректен шыққан жылы лебіздері мен құттықтауларын қабыл алыңыздар!

Алғаш рет мемлекеттік мереке болып Республика күні 1995 жылы қазанда жарияланды. Бұл жарлыққа Тұңғыш Президент Н.Назарбаев қол қойған. Қазанның 25-і кездейсоқ таңдалмаған дата. Себебі 1990 жылдың дәл осы күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің №307 – XII жарлығымен Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданған болатын. (26.10.2023)



Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/Cy2bG1FszIO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«29 қазан – Қорғаншылар» күні мерекесіне орай №12 орта мектепте «Мейірімді асыл жан» атты кездесу өтті

«№12 орта мектеп» КММ-де Тәуелсіздік күні мерекесімен тұспа-тұс келген «29 қазан – Қорғаншылар» күні мерекесіне орай, қамқоршылар мен қорғаншыларға арналған «Мейірімді асыл жан» атты кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуге Султанова Шынар Закировна, Тайпахова Акайша Жангалиевна, Ледерер Галина Ивановна, Луценко Елена Вячеславовна шақырылды. Қамқоршыларымыз бен қорғаншыларымызды құттықтап, мектеп директорының м. а. атынан Алғыс хат пен шағын ғана сыйлығымыз ұсынып, шағын музыкалық номерлерімізді тарту еттік. (27.10.2023)



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/Cy5zHkCslHY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Республика күніне орай №12 орта мектепте «Менің арманымдағы Қазақстан» эссе байқауы өтті

Республика күніне орай мектебімізде 16-24 қазан аралығында «Менің арманымдағы Қазақстан» атты эссе байқауы өткізілді.

Эссе байқауының мақсаты:

- Оқушыларға ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре отырып, патриоттық тәрбие беру.
- Оқушыларды өз халқын, тілін, туған жерін сүйуге, қадірлеуге, бағалап мақтан етуге тәрбиелеу, мақсатында өткізілді.
- Мұғалім тарапынан оқушыларға қазіргі таңда еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін мемлекеттік болашағымызды баянды етер басты мақсатымыз – егемендік тәуелсіздік екендігі түсіндірілді.

Мұғалім, эссеге негізгі қойылатын талап-белгілі бір тақырыпты, мәселені талдау, сипаттау және бағалау болса, негізгі мақсаты-тақырыпқа байланысты өз білімін көрсету және сұраққа берілген жауаптың дұрыстығына оқытушыны (оқырманын) сендіре білу болып табылады.. Сондай-ақ, эссені жазуда негізінен формалды стильді басшылыққа ала отырып, өз ойын нақты дәлелдер мен мысалдар арқылы жүйелі түрде беріп, ондағы әрбір бөлімнің талапқа сай жазылуын ескертіп өтті.

Міндеттері:

- Білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру;
- Мектеп оқушыларының еліне, жеріне, отанына деген сүйіспеншілігі мен мақтанышын ояту.

Байқауға 5-11 сынып оқушылары қатысты.

Үздік эссе иегерлері алғыс хатпен марапатталды. (27.10.2023)



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/Cy6NJRqsUbo/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

№12 орта мектепте «Нашақорлыққа жол жоқ» тәрбие сағаттары өтті

5-11 кластар арасында «Нашақорлыққа жол жоқ» атты тақырыпта тәрбие сағаттары өтті.

Мақсаты:

Оқушыларға әлемді алаңдатып отырған нашақорлық, СПИД, арақ, темекі сияқты зиянды әрекеттердің белең алып бара жатқандығын ескерте отырып, оны болдырмаудың алдын – алуға тәрбиелеу.

Оларды жаман әдеттерден сақтандыру.

Оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту және тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру.

Күтілетін нәтиже:

1. ЖҚТБ туралы ойларын тиянақтайды;
2. ЖҚТБ итермелейтін себептерді анықтай біледі;
3. Салауатты өмір салтын насихаттай алады;
4. Өз болашағына сеніммен қарай алады; (30.10.2023)



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CzA8v4JsHsT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

№12 орта мектеп 5-11 кластар арасында “Нашақорлыққа жол жок” атты тақырыпта тәрбие сағаттары өтті

5-11 кластар арасында “Нашақорлыққа жол жок” атты тақырыпта тәрбие сағаттары өтті.

Мақсаты: Нашақорлықтың қауіптілігін ұғындыра отырып, алдын алу, саналы өмір сүруге тәрбиелеу.



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CzA8v4JsHsT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

№12 орта мектебінің 9-11 сынып оқушыларына АИТВ инфекциясы туралы ақпарат берілді
9-11 сынып оқушыларына АИТВ – инфекциясының берілу және қорғану жолдары бойынша лекция оқылды.
(31.10.2023)

Мақсаты:

- Оқушыларға АИТВ, ЖИТС - пен байланысты жағдайларды бағалауға, вирустың адамға, оның отбасына, ұлтына және жалпы мемлекетіне әсер етуін түсіну мүмкіндігін беру.
- Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі АИТВ/ЖИТС дертін алдын-алу, оның жолдарын одан сақтана, қорғана білу туралы түсіндіру.
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру.
- Оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, адамгершілікке, инабаттылыққа, ел жындылыққа тәрбиелеу.

Міндеттері :

1. Қазақстан Республикасында және әлемде АИТВ жұқпасының эпидемиологиялық жағдайымен таныстыру.
2. АИТВ жұқпасына байланысты сұрақтарды, оның ішінде қорқыныш пен үрейлерін талқыға салу.
3. АИТВ індеті эпидемиясының физикалық, эмоционалдық, мәдени, әлеуметтік және экономикалық салдарынан әр адамға, отбасына, жалпы қоғамға келтіретін әсерлерін талқыға салу.



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CzDsLN0MPor/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

№12 орта мектеп оқушыларына ZOOM платформасы және Whatsapp желісі арқылы 2024 жылғы 2 сәуір күні бірыңғай тәрбие сағаттары өтті

«№12 орта мектеп» КММ-де ZOOM платформасы және Whatsapp желісі арқылы 7-11 сынып сыныптарының қыз балаларына арналған қыз бала тәрбиесі және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Ерте жүктіліктің алдын алу және отбасындағы жыныстық тәрбие» тақырыбында мектебіміздің медбикесі Сарсенова Маржан мен мектеп психологы Гулжахан Маликовнаның қатысуымен 2024 жылғы 2 сәуір күні бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.

Тәрбие сағатының мақсаты: қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зиян екендігін түсіндіре отырып қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл-кеңестер беру.

"ЖЫНЫСТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ЕРТЕ ЖҮКТІЛІКТІҢ ЖҮКТІЛ АЛДЫН АЛУ" БАҒДАРЛАМАСЫ



Сілтеме:

https://www.instagram.com/p/C5QnRqJsABb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==

№12 орта мектептің 10-11 сынып оқушыларына ВИЧ инфекциясының алдын алу мақсатында мамандармен адын алу дәрісі өткізілді

Ағымдағы жылдың 1 наурыз күні №12 орта мектепте Ақтөбе қаласы СПИДке қарсы орталығының эпидемиолог маманы Жулмагамбетова С.С. қатысуымен «ВИЧ инфекциясының жастар арасындағы профилактикасы» тақырыбында 10-11 сынып оқушыларына дәріс оқылды.

Оқушыларға ВИЧ инфекциясының таралу жолдары мен инфекциядан сақтану шаралары жан-жақты түсіндірілді.

Оқушылар белсене қатысып, сұрақтар қойып, тақырып бойынша жауаптар алды.



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C3-GwOIMskz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==

№12 орта мектепте "Жол қауіпсіздігін сақтаймыз" тақырыбында сынып сағаттары өтті

[#жолқауіпсіздігіөмірқауіпсіздігі2024](#)

"Жол қауіпсіздігін сақтаймыз"

Сынып сағаттары

[@obrazovanie_gorod_aktobe](#)

[@aqtobe_bilim_basqarmasy](#)



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CztLg8XMaB7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

№12 орта мектебінде "ДосболLIKE: Достық қолын ұсын" акциясы аясында бастауыш сыныптарда "Көңілді үзіліс" ұйымдастырылды

Бүгін 2024 жылдың қаңтардың 24-і күні №12 орта мектебінде "ДосболLIKE: Достық қолын ұсын" акциясы аясында бастауыш сыныптарда "Көңілді үзіліс" ұйымдастырылды.

Акцияның мақсаты: Шығармашылық ұжымдық шығармашылық негізінде мектеп жағдайында жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруға жағдай жасау.

Акцияның міндеттері: шығармашылық өзара әрекеттесу жағдайында оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар арасындағы ынтымақтастық қажеттілігін насихаттау;

Оқушылардың эмоционалды жағдайын жақсарту үшін шығармашылық ынтымақтастық арқылы жағымды қарым-қатынастың тиімді түрлері туралы қатысушылардың түсінігін кеңейту;

Бірлескен іс-әрекеттегі қарым-қатынас тәжірибесі арқылы жағымды қарым-қатынас орнату үшін белсенді мінез-құлық дағдыларын дамыту.



Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2e1aQDs69O/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

"Ақтөбе қаласы білім бөлімі" ММ-сі мен Ақтөбе облысы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті бірлесе отырып, "Қызылшаның алдын алу жолдары" тақырыбында ата-аналар мен сынып жетекшілеріне ZOOM платформасы арқылы түсіндіру жұмыстарын жүргізді

2024 жылдың 25 қаңтарында сағат 16.00-де "Ақтөбе қаласы білім бөлімі" ММ-сі мен Ақтөбе облысы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті бірлесе отырып, "Қызылшаның алдын алу жолдары" тақырыбында ата-аналар мен сынып жетекшілеріне ZOOM платформасы арқылы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

"№12 орта мектеп" КММ-нің сынып жетекшілері мен ата-аналары бір нүктеден қосылып, қатыстырылды.



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C2hxX6yM7eU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

"Қалалық оқушылар Сарайы" ұйымдастыруымен өткен "Жауқазын" аймақтық халық би байқауына №12 орта мектеп атынан "Гүлдер" би тобы қатысты

25 қаңтар «Қалалық оқушылар Сарайы» МКҚК Қазақстандық ЮНЕСКО Клубтар Федерациясы қолдауымен аймақтық «Жауқазын» халық би байқауы өткізілді. Би байқауына №12 орта мектеп атынан "Гүлдер" би тобы қатысып, сертификатпен марапатталды.

Жетекшісі: Казиева Динара Асылбековна

Конкурс мақсаты: халық шығармашылығының мұрасымен таныстыра отырып, өнерге баулу.

Жалпы 28 қала, ауыл, аудан және өзге региондардан қатысқан мектеп пен өзге қосымша білім беру ұйымдарынан 9 солист, 1 дуэт, 32 ұжым қатысты. Жалпы бала саны 394.



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C2jPJJaUojR9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

"№12 орта мектеп" КММ-де 9-10-класс білім алушыларына Сазды полиция бөлімінің мамандарының қатысуымен кездесу ұйымдастырылды

2024 жылдың 29 қаңтарында "№12 орта мектеп" КММ-де 9-10-класс білім алушыларына Сазды полиция бөлімінің мамандары:

- Ақтөбе қаласы Астана ауданы 2ҚПБ жедел уәкілі полиция капитаны Мырзабеков Мейірбек Алибекович;
- Ақтөбе облысы ПД ЖПҚБ бастығының орынбасары полиция майоры Абдрешов Артур Тынышқалиұлы;
- Ақтөбе қаласы Астана ауданы 2ҚПБ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Даулет А.Д қатысуымен кездесу ұйымдастырылды.

Мақсаты: ата-аналар мен жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру.



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C2roUiwMpWR/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

"№12 орта мектеп" КММ-де 7-8 сынып оқушылары арасында "Отбасылық таланттар" өнер сайысы өткізілді

"№12 орта мектеп" КММ-де 30 қаңтар күні 7-8 сынып оқушылары арасында "Отбасылық таланттар" өнер сайысы өткізілді.

Сайыста 7 "В" сыныптан Сармантаевтар отбасы "Ең талантты отбасы" номинациясымен, 8 "А" сыныбынан Танжарыковтар отбасы "Ең өнерлі отбасы" номинациясымен марапатталды.

Мақсаты: Үштік одақ арасында тығыз байланыс орнату, балаларды өнерге баулуда ынтымақтаса жүргізілген жұмыстың нәтижелі болатындығына көз жеткізу. Балалардың өнерге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы талантын ашу, қабілетін ұштау.



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C2wYjCksVJp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

ДосболLike акциясы аясында, "№12орта мектеп" ауласының карын тазалау шарасы ұйымдастырылды

ДосболLike акциясы аясында, "№12орта мектеп" ауласының карын тазалауға 8 "Б" сынып оқушылары белсене қатысты.

Акцияның мақсаты: Шығармашылық ұжымдық шығармашылық негізінде мектеп жағдайында жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруға жағдай жасау.

Акцияның міндеттері: шығармашылық өзара әрекеттесу жағдайында оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар арасындағы ынтымақтастық қажеттілігін насихаттау;

Оқушылардың эмоционалды жағдайын жақсарту үшін шығармашылық ынтымақтастық арқылы жағымды қарым-қатынастың тиімді түрлері туралы қатысушылардың түсінігін кеңейту;

Бірлескен іс-әрекеттегі қарым-қатынас тәжірибесі арқылы жағымды қарым-қатынас орнату үшін белсенді мінез-құлық дағдыларын дамыту.



Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2wsf-oM4dj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

12 орта мектептің 10 класс оқушылары “Өзінді мамандықтар әлемінде тап” атты сыныптан тыс іс-шараға байланысты Ақтөбе ферроқорыпта зауытына өндірістік экскурсияға барды

10 класс оқушылары “Өзінді мамандықтар әлемінде тап” атты сыныптан тыс іс-шараға байланысты Ақтөбе ферроқорыпта зауытына өндірістік экскурсияға барды.

Экскурсия барысында оқушылар зауыттың тарихы, қуаты, шығарылатын өнімдерімен, зауыттың жұмыс барысымен танысты.

Кл. жетекшісі: Амиров Т. А.

Өндірістік экскурсияны ұйымдастырған [@azf_kazchrome](#) алғыс білдіреміз!



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C2zAaMSMW_n/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

№12 орта мектепте ДосболLike акциясы аясында "Бауырсақ party" ұйымдастырыл,оқушыларды ұлттық тағаммен таныстырып ,дәм татқызылды.

ДосболLike акциясы аясында мектебімізде "Бауырсақ party" ұйымдастырылды.

Мерекелік іс-шарада ана тіліміздің мәртебесі мен ұлттық дәстүрімізді ұлықтау мақсатында оқушылар мен ұстаздар қауымына бауырсақтар, тан таратылды. Бауырсақтан, таннан дәм тату үшін алдымен бір мақал-мәтел немесе қара өлең айту керектігі науқанға ерекше мән үстеді.

1"А", 8А"және 9"Ә" сыныбы белсене қатысты.

Сынып жетекшісі: Есекеева А.Б., Қаниева А.А., Утегенова К.



Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C21f06_MEqm/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

№12 орта мектепте «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Төрт тоқсан төрт өнер» және «ДосболLike: достық қолын ұсын» акциясы аясында «Көңілді үзілістер» шарасы ұйымдастырылды

2 ақпан күні "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" негізінде "төрт тоқсан төрт өнер" және "ДосболLike: достық қолын ұсын" акциясы аясында "Көңілді үзілістер" шарасы ұйымдастырылды.

Шараның бір бөлімі – Қазақ биі.

Халқымыздың арғы-бергі тарихына терең зер салсақ, би өнерінің сонау ықылым заманның өзінде-ақ, қазақтың ұлттық өнерінің бір бұтағына айналғанын айқын аңғарамыз. Және Қазақ биінің бірнеше дәуірді бастан кешкені баршаға аян. Қазақ би өнерінің түп тамыры ғасырлар қойнауынан нәр алып, бүгінде еліміздегі кәсіби бишілер, би ансамбльдері мен би студияларымен жалғасып отыр. Қазақ биі – ұлттық дәстүрді, салтты танытатын өнердің төресі десек артық айтқандығымыз емес. Сайып келгенде, қазақ биінің арқауы халықтың жан дүниесі, оның таным-түсінігі, табиғатпен байланысы, философиясы. Міне осының бәрі кез келген бидің құрылымынан, болмысынан айшықты көрініс тауып жататынына күмән жоқ.



Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C210m26MH7j/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

№12 орта мектептің мектепалды даярлық сыныптарында "Досболlike: достық қолын ұсын" акциясы аясында "Түрлі-түсті кеш" шарасын ұйымдастырылды

2024 жылдың 1 ақпан күні "Досболlike: достық қолын ұсын" акциясы аясында №12 орта мектептің мектепалды даярлық сыныптарында "Түрлі-түсті кеш" шарасын ұйымдастырылды.

Тәрбиеші: Қылышбай Р.Т., Пусурманова С.



Сілтемелер: https://www.instagram.com/reel/C21-2hlMbGt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C22bdJNMKH3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==

№12 орта мектептің көпбалалы ата аналарына Ақтөбе қаласындағы танымал тіс дәрігері, кәсіпкер Кубланов Мирадтың демеушілігімен бірнеше отбасына қайырымдылық жасалды

Наурыз мерекесі қарсаңында қайырымдылық игі іс жасау мақсатында "Стоматология Кубланов Мирад" тіс емханасының басшысы Кубланов Мирадтың демеушілігімен 5 отбасы 100 000 теңгеге азық-түлік және күнделікті тұрмысқа қажетті заттармен қамтамасыз етілді.

Ата-аналар шын көңілмен ризашылық білдіріп, алғыстарын жеткізді.

Қайырымдылық жасау арқылы жас ұрпаққа үлгі болып, кішіпейілділік пен сүйіспеншілікке тәрбиелеп, дұрыс жол таңдауына үлкен үлес қосып жүргеніңіз үшін рахмет!



Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4KRFFxoKsF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

№12 орта мектептің 9-11 сынып оқушылары арасында әскери-спорттық сайыс өтті

№12 орта мектептің 9-11 сынып оқушылары арасында "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында АӘТД пәнінің мұғалімі Каракойшин Ж.К., дене шынықтыру пәні мұғалімі Нұрманов М.М. жетекшілігімен "Бүкіләлемдік азаматтық қорғаныс күніне" арналған әскери-спорттық сайыс ұйымдастырылды.

Сайыстың мақсаты:

1. Мектеп оқушыларын дене шынықтыру және спортпен үздіксіз айналысуға тарту. Салауатты өмір салтын насихаттау.
2. Жеткіншек ұрпақтың Отансүйгіштік және патриоттық сана-сезімін қалыптастыру мен мектеп оқушыларымыздың арасында әскери-қолданбалы спорт түрлерін үгіттеу.
3. Оқушыларға қауіпсіздік шаралары мен сақтану жолдарын таныстыру.

Сайыс қорытындысы бойынша барлық жеңімпаздар жүлделі орындармен марапатталып, грамоталар табысталды.




Сілтеме:

https://www.instagram.com/reel/C4XxRFUsUR8/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==

№12 орта мектепке «Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі» мамандардары келді

2024 жылдың 12 сәуір күні №12 орта мектепке «Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжінен» мамандар келіп, 11 сынып оқушыларына кәсіби бағыт бағдар беру мақсатымен колледж туралы мағлұмат беріп, оқушыларды колледжде оқытылатын мамандықтармен таныстырды. Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі – еліміздегі кәсіптік білім беру саласында кәсіби құзіретті мамандар даярлауда ерекше үлес қосып отырған оқу орны.



Сілтеме:

https://www.instagram.com/p/C5gTQ6GsZM0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

№12 орта мектепке Ақтөбе Жоғары Көпсалалы «Болашақ» колледжі мен Ақтөбе политехникалық колледжі мамандарды келді

2024 жылдың 15-16 сәуір күндері №12 орта мектепке Ақтөбе Жоғары Көпсалалы «Болашақ» колледжі мен Ақтөбе политехникалық колледжінен мамандар келіп, 9 сынып оқушыларына кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатымен колледж туралы мағлұмат беріп, оқушыларды колледжде оқытылатын мамандықтармен таныстырды.

Ақтөбе Жоғары Көпсалалы «Болашақ» колледжі шағын және орта бизнес үшін көптеген мамандар даярлайды. Колледж студенттерді екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде оқытады. Тамаша материалдық базасы, білікті оқытушылары мен мамандықтарды оқуға арналған көптеген кабинеттер, толық компьютерленген аудиториялар бар. Бүгінгі таңда колледж АЖПК, бұл қарқынды дамып келе жатқан оқу орны, онда үздік мамандар мен өз ісінің шеберлері жұмыс істейді. Ақтөбе политехникалық колледжі Қазақстанның батыс аймағындағы іргелі оқу орындарының бірі. Бұл оқу ордасының алғашқы іргетасы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің № 582 қаулысының шешіміне сәйкес 1965 жылы сәуірдің 17 жұлдызында № 6 кәсіптік -техникалық училище базасында Ақтөбе облысы Темір ауданының Шұбарқұдық кентінде Темір индустриалды техникумы негізінде қаланды. Ең бірінші қабылдау комиссиясы 1965 жылдың шілде айынан бастап, Шұбарқұдық кәсіпшілігінің ескі ғимаратында алғашқы түлектерін қабылдады.



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C50uayTMCb0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

№12 орта мектепке Ақтөбе қаласы Астана ауданы 2ҚПБ КТІЖ УПИ полиция өкілдері келді

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 2024 жылғы сәуір айындағы хатына сәйкес, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында «Отбасы – тұрмыстық саладағы құқықбұзушылықтың алдын алу туралы заңнаманы қолданудың тиімділігі» тақырыбында 18.04.2024 күні, сағ.12:00де 8-11 сынып және 15:00де 5-7 сынып оқушыларына Ақтөбе қаласы, Астана ауданы 2ҚПБ учаскелік инспекторлардың жұмысын ұйымдастырушы инспектор полиция капитаны Зейнулла Акимжан Кайратович және Ақтөбе қаласы Астана ауданы 2ҚПБ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Дәулет Ақасыл Дүйсенбекқызы кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, түнгі уақытта баланың заңды өкілінің (ата-анасының) қарауынсыз жүрмеу, ұрлық, нашақорлық, есірткі тасымалдау, алаяқтық, буллинг және бопсалау тақырыптарында дәріс-түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C55jeTiM4E0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

№12 орта мектеп «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына қатысты

Республикада «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталды.

Адам – табиғаттың төл перзенті. Халқымыз көктем келісімен ауласын тазалап, үйінің айналасына гүл, жасыл желектер егіп, су ағатын арығы, каналдардың көзін ашқан. Мемлекет басшысының тапсырмасымен республика бойынша «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бес аптаға созылады. Әр аптаның өзіндік тақырыбы мен нақты мақсаты болмақ. «Киелі мекен». Екінші апта тарихи-мәдени ескерткіштердің аумағын абаттандыруға арналады.

Акцияға N12 орта мектептің ұжымы, ата-аналары мен оқушылары да өз үлестерін қосып, тазалық жұмыстарын жүргізу, сәндік көшеттерді отырғызу шарасы ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – оқушылар мен ата-аналар және мектеп ұжымының арасында қоғамдық мәдениет деңгейін арттыру арқылы республикалық деңгейдегі акцияға қолдау көрсету болып табылады.



Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C58C0v_MxVE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

№12 орта мектеп оқушыларына "Су тасқыны кезеңіндегі қауіпсіздік", "Шомылу маусымындағы қауіпсіздік ережелері" тақырыбында онлайн конференция өткізілді

Бүгін 24 сәуір күні №12 орта мектебінде, Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен "Су тасқыны кезеңіндегі қауіпсіздік", "Шомылу маусымындағы қауіпсіздік ережелері" тақырыбында, 8-9сынып оқушыларына Zoom платформасы арқылы онлайн конференция өткізілді.



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C6JDytYsSMs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

№12 орта мектеп оқушылары «Тал егу» челленджіне қатысты

Дана халқымыз «Атадан мал қалғанша тал қалсын» деген жақсы сөзді бекер айтпаса керек. Бүгінде баба мұрасындай болған сол бір жасыл белдеуді бүгінгі ұрпақ күтіп ұстап, көзінің қара шығындай сақтағаны жөн. Сол ізбен жалғасқан сара жол бүгінде мектебіміздің оқушылары да басты ұстанымына айналғандай. Оған дәлел ретінде мектеп ауласына көшет отырғызу мен көгалдандыру жұмыстарын айтсақ болады.

Бүгін сондай жарасымды дүниенің жалғасы болған «Бүкіл қазақстандық ағаш отырғызу» акциясына біздің оқушылар да атсалысты.

№12 орта мектептің оқушылары «Тал егу» челленджін №33 қазақ орта жалпы білім беру мектебіне жолдайды.



Сілтеме:

https://www.instagram.com/reel/C6JNN_FsBGj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

№12 орта мектеп оқушылары «Құстарға ұя сыйла» ұя жасау акциясына қатысты

№12 орта мектебінде 15-26.04.2024 жылы "Табиғат тамашалары" тақырыбында, табиғатқа қамқорлық жасау мақсатында, «Құстарға ұя сыйла» ұя жасау акциясы аясында 5-7 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды.

Мақсаты: құстардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. Құстарға қамқор болуға, табиғатқа аялауға, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Бүкіл қазақ халқын, Ақтөбе халқын табиғатты аялау шараларына, сенбіліктерге қатысуға білім беру мекемелерінің атынан шақырамыз. Бұл деген өсіп жатқан өскелең ұрпақтың бойына табиғатқа деген сүйіспеншілікті, мейірбандықты, құстарға деген күтіп бағу бойынша үлкен өз көмегін тигізеді деген сенімдеміз.



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C6KdEp4oznA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==


№12 орта мектеп еңбек ардагерлерін құттықтап барды

Жеңіс күні – соғыс кезінде тылда бел жазбай еңбек еткен тыл ардагерлерінің де мерекесі екені айқын.

Сол себепті «№12 орта мектеп» КММ-нің ұстаздары мен оқушылары еңбек ардагерлерін құттықтап барып, өлең жолдары мен тәттілерін тарту етіп, үлкен кісілердің батасын алып қайтты.

Мақсаты: Ардагерлер жолын оқушыларға үлгі ету. Олардың әңгімесінің мәнін ұғына білуді, үлкендерді сыйлауды, құрметтеуді, атаның батасын, ананың алғысын ала білуді үйрету және де ерен еңбегімен ел есінде қалған жерлестер есімін келешек ұрпаққа ұмыттырмау.

Ардагер аталарымызға, адал еңбектері мен белсенді азаматтық ұстанымдары үшін бас иіп алғыс білдіреміз. Сіздерге мықты денсаулық, бақыт, ұзақ ғұмыр тілейміз.



Сілтеме:

https://www.instagram.com/p/C6KdEp4oznA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

№12 орта мектептің бітіруші түлектер үшін “Мектебім, саған мың алғыс!” тақырыбындағы іс-шара өтті

25 мамыр сағат 9.30-да мектеп бітіруші түлектер үшін “Мектебім, саған мың алғыс!” тақырыбындағы іс-шара өткізілді.

Мақсаты: түлектерді педагогтерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу, өз болашағына жауапкершілік көрсету және алған білімдерін өз Отанының игілігі үшін пайдалану. Өткізілген іс-шараға қонақ ретінде мектеп әкімшілігі, ата-аналар мен қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп бітіріп кеткен түлектер, ардагер педагогтар, қаланың құрметті тұрғындары, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері мен мектеп демеушілері шақырылды.



Сілтеме:

https://www.instagram.com/reel/C7ZN3QOoDgF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

№12 орта мектептегі жазғы мектеп жұмыстары ұйымдстырылып,оқушылар білімде жіберген олқылықтардың орнын толтыру жұмыстарын жүргізді.

№12 орта мектепте 27-31 мамыр аралығында жазғы мектеп маусымы өткізіледі. Жазғы мектепке 1-8, 10 сынып оқушылары қамтылады.

Жазғы мектеп 2024 жылғы 27 мамыр мен 31 мамыр аралығында және ағымдағы жылғы 26-30 тамыз аралығында жұмыс істейтін болады.

Жазғы мектепте сабаққа қатысу өтініштер негізінде ата-аналармен / заңды өкілдермен келісу кезінде бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің негізгі пәндері бойынша 1-8, 10 сынып оқушылары үшін ұйымдастырылады. Педагогтер меңгеруге күрделі деп ұсынылған тақырыптарды, бөлімдерді, бөлімшелер мен оқу мақсаттарын ескере отырып күнтізбелік- тақырыптық жоспарын құрады. Орта білім беру ұйымдарында жазғы мектептің сабақ кестесі мен жұмыс жоспары бекітіледі. Бастауыш сыныптарда сабақтар 30 минуттан, 5-10 сыныптарда 40 минутқа дейін өткізіледі.



Сілтеме:

https://www.instagram.com/reel/C7gLtazMvDU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

№12 орта мектепте «31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» тақырыбында дөңгелек үстел өтті

Айрықша мағынаға ие тарихи маңызды күні №12 орта мектебінің тарих кабинетінде тарих пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Аталмыш шараға қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жумашева Г.Т., биология пәнінің мұғалімі Калдыбаева Г.К., дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі Еникеева В.Б., мектеп тарихшылары Шакимова А.Т., Казманов Н.К., Есекеева А.Б. және мектеп оқушылары қатысты.

Дөңгелек үстелді тарих пәнінің мұғалімі Есекеева А.Б. ашып, бұл шараның Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу үшін өтіп отырғандығын атап өтті. Дөңгелек үстелге қатысушылар алдымен Саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы презентацияны тамашалады. Дөңгелек үстел барысында тарих пәнінің мұғалімі Шакимова А.Т. баяндама жасады. Мектебіміздің қадірлі ұстазымыз Жумашева Г.Т. сөз сөйлеп, қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш қайраткерлері туралы айтып, жастарды тарихты зерделеуге және өз елін сүйуге шақырды.



Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C7o6XK9oFrA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==

2023-2024 оқу жылын мектебіміздің «Жұлдыздар шеруі» атты марапаттау рәсімімен қортындыладық.

2024 жылдың 24 мамырында мектеп қабырғасында талантты, білімді, ең алғыр, ең мықты оқу ордасының даңқын асқақтатып жүрген және мектеп өмірін қызыққа толтырған оқушыларға «Жұлдыздар шеруі» атты марапаттау рәсімі өтті.

Мақсаты: мектепте және мектептен тыс әртүрлі ерекше қасиеттерімен дараланған оқушыларды анықтап, зияткерлік дамуына ғана емес, олардың үлгі боларлықтай қасиеттерін дәріптеу және талантты оқушыларға шығармашылық қолдау көрсету, әншілік қасиеттерін, өнерге деген құштарлығын оятып, ата-ана, оқушы, мұғалім арасында тығыз байланыс орнату. Биыл мектебіміздің алған асулары мол. Болашақта тек білімді ел ғана бәсекеге төтеп беріп, өзін-өзі сақтап қалатыны сөзсіз. «Ел болашағы – білімді ұрпақта». Сондықтан білім беру саласында жасалып жатқан жаңа реформаларды жүзеге асыру білім беру мекемелеріне ортақ іс. Қоғамда болып жатқан әлеуметтік саяси және жаңа технологиялық өзгерістер ұрпақ тәрбиелеу ісін жаңа сатыға көтеруді қажет етеді. Біздің оқушыларымыз жыл сайын биік межелерден көрініп келеді. Мектебіміздің мәртебесін өсіріп, мерейін үстем еткен барша оқушыларға алғысымызды білдіреміз!



Сілтеме:

https://www.instagram.com/reel/C7WFTfnMAZI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2023-2024 оқу жылында құқық бұзушылықтың алдын алу, құқықтық тәртіпті нығайту мақсатында оқу жылының басында қиын оқушыларды анықтау жұмысы жүргізіліп, ІІБ қиын оқушы есебіне оқушы тіркелген жоқ.

№	Оқу жылы	полиция бөлімінде тұрған оқушының саны
1	2021-2022	0
2	2022-2023	0
3	2023-2024	0

**2023-2024 оқу жылы бойынша №12 орта мектебіндегі 5 үйірме
спорт секция жұмыс жасады**

№	Секция атауы	Қатысатын оқушылар саны	Секция жаттықтырушылары
1	Волейбол	40	Түрікпенбаев К.М
2	Шахмат	40	Нұрманов М.М.
3	Жеңіл атлетика	40	Сарсебаева Н.Т
4	Футбол	40	Мырзалин Ж.Б.
5	Баскетбол	40	Еникеева В.Б.

2021-2022 оқу жылында 714 білім алушы, оның ішінде 400 мәдени, шығармашылық бағыт бойынша, спорт бойынша 280, барлығы-680 білім алушы қатысады, 95% пайызды көрсетеді.

2022-2023 оқу жылында 720 білім алушы, оның ішінде 200 шығармашылық бағыт бойынша, спорт бойынша 280, барлығы-320 білім алушы қатысады, 44% пайызды көрсетеді.

2023-2024 оқу жылында 726 білім алушы, оның ішінде мәдени, шығармашылық бағыт бойынша, спорт бойынша 200, барлығы- 200 білім алушы қатысады, 30 % пайызды көрсетеді.